

# Кітапхана оқырмандарымен көркем



Қазағымыздың кілән классик жазушыларының туындыларын басып шығарып, оны ізгі оқырман қауымға ұсынып отырған Қасым кітапханасы Арман Әлменбет, Ерлан Әшім сынды бір топ қазаққа жанашыр азаматтардың бастауымен, демеуімен Қарағанды қаласының терінен ашылып, елімізге осындаи игі тарту жасаған еді. Енді

міне біздің де ауылымыздың тұрғыны, мектебіміздің кешегі түлегі, кәзіргі кездегі жеке кәсіпкер, сол Қасым кітап кітапханасының тұрақты оқырманы болып жүрген Дінмұхаммед Төлеуовтың ұсынысын қолдап, біздің ауылдағы Қарағаш ұлгілі кітапханасының бұрышынан Қасым кітап кітапханасының бір бұрышын ашып беруге зор демеуін тигізіп отыр.

Бағымыз жанып, еліміз тәуелсіздік алғалы бері қазақ тілінде талай кітап басылып шықты. Өз тілімізben өз жазушыларымыздың төл туындыларын оқып, қолжетімді бағаларда еліміздің әр аймағында сатылымға шығарып жатқан осы Қасым кітап баспасының өнімдері енді біздің де ауылда болғанына куанудамыз. Ауыл жастары мен тұрғындары да оқысын, көрсін деген ниетпен осы істі қолға алып, ұйымдастырып жүрген Дінмұхаммед сияқты әдебиет сүйер үрпақтың да болғанына куанып, кітап оқытын салынып жастардың көп болуына тек қана тілекшіміз.

Кітапханашы Жаңыл Ескараеваның ұйымдастыруымен кітапхана бұрышын ашу іс-шарасына бір топ кітапханашыларымен бірге ауданымыздың орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысының міндетін аткаруши Раушан Серғалиқызы Кожамберлина мен библиография бөлімінің менгерушісі Ақбөпе Қартайқызы катысып, ашылу лентасын қылп, ізгі тілектерін білдірді. Ашылу салтанатына келе алмаса да, жазушы, ауылымыздың мақтандырылған оқынушылардың осы сөредегі біраз шетел әдебиеттің қазақ тіліне аударған авторы Кенжебай Ахметов пен Қасым кітап кітапханалар жүйесін құрушы Ерлан Әшімде онлайн құттықтау сөздерін жеткізді. Ауыл ақыны, әдебиет жанашыры Болат Асанов мырза мен зейнеткер Рахат Сағынтайқызы келіп катысып, ақ баталарын арнап, алғыстарын білдірді.

Ауылдағы ұлгілі кітапханамызда ашылып жатқан Қасым кітап кітапханасының бұрышы "Балауса" би тобының мың бұралған әдемі биімен ашылса, мектебіміздің түлегі Дәуіт Борсынбаев көңіл толқынымен күмбірлете күй шертті. Төлеуова Таңшолпан, Боранбай Інжу секілді ауылымыздың әнші қыздары өздерінің әсем әндерімен кешіміздің көркін келтірді. Сөресінде қазақтың кеменгер ақын, жазушыларының үздік туындыларынан құралған классикалық әдебиеттері мен қабырғасында олардың портреттері ілінген бұл бұрыш ендігі кезде біздің оқырмандарымыздың қызықтырып қана қоймай, кітап оқып, талқылап, қазақ әдебиеттің жаршысы болатын ізгі бұрыш болары анық.

Сөз соңында кітапханамыздың менгерушісі Ботагөз Бұлқайырқызы осы игі істін баста-машысы болған Дінмұхаммедке ақжол тілеп, алдағы уақытта кітапханада оқырман клубын ашып, қызықты іс-шаралар ұйымдастырып, ауыл жастарын ізгілік пен игілікке тартуға тілек білдірді.

Б.А.Бұлқайырова,  
Қарағаш ұлгілі кітапханасының кітапханашысы